



МАЗМҰНЫ БӨЛЕК САПАР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Арменияға ресми сапармен барды. Қазақстан Президентінің Армения Премьер-министрі Никол Пашинян Еревандағы Мемлекеттік резиденцияда қарсы алды.

Құрмет карауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Арменияның мемлекеттік әнұрандары орындалған соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Содан кейін Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрімен шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ресми сапарына ерекше мән беретінін және оны екіжақты қарым-қатынастарды да-

мытудың маңызды кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы байланыстардың барлық бағыты бойынша ынтымақтастықты арттыру үшін мол әлеует бар екенін айтты.

Өз кезегінде Никол Пашинян өзара байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, армян-қазақ қатынастарын жаңа деңгейге көтеру үшін бірлесе әрекет етуге дайын екенін мәлімдеді.

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, инвестициялық, өңірлік және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Тараптар өңірлік тұрақтылық және қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударды.

Шағын форматта өткен кездесуден кейін Қазақстан мен Армения басшылары келіссөзді ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ереванға сапармен келуге шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Никол Пашинянға алғыс айтты. Сондай-ақ ол Қазақ-



стан Президенті ретінде Арменияға алғаш рет ресми сапармен келгенін атап өтті.

— Қазақ-армян әріптестігін жаңа деңгейге көтеруге қатысты бастамаңызды толық қолдаймын. Біз армян халқының терең тарихына, ежелгі мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен қараймыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті өзінің Арменияға ресми сапары Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толуына орай өтуінің символдық мәні бар екеніне назар аударды. Ширек ғасыр ішінде екіжақты қатынастардың берік негізі қаланды. Саяси диалог белсенді дамып, үкіметтер мен парламенттер арасында байланыс орнады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өзінің Ереванға сапары Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін берді деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ықпалдастықты одан әрі дамытудың мейлінше перспективті бағыттарын айқындап берді. Оның айтуынша, ең өзекті міндет — экономикалық қарым-қатынастарды сапасы мен мазмұны жағынан байыта түсу. Өзара сауда-саттықты ұлғайту үшін азық-түлік секторында, инвестиция, көлік-логистика, IT-индус-

трия және құрылыс салаларында айтарлықтай резерв бар.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қазақстан Президентінің Арменияға алғашқы сапары мол мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

— Сіздің бүгінгі сапарыңыздың маңызы зор. Келіссөздер барысында кең ауқымды мәселелерді қарастырдық. Соның ішінде экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдетуге, өңірлік ықпалдастықты кеңейтуге баса мән бердік. Сонымен қатар біз мәдени-гуманитарлық саланы да назардан тыс қалдырған жоқпыз. Биыл Қазақстанда Арменияның мәдениет күндері, ал келесі жылы Арменияда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді. Жалпы, бүгінгі қарастырылатын мәселелер — ауқымды және мазмұнды. Сіздің сапарыңыздың нәтижесінде екі ел арасындағы ынтымақтастықтың барлық бағытын дамытуды көздейтін нақты шешімдер қабылдайтынымызға сенімдімін, — деді Армения Премьер-министрі.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛЕНДІ



7
БЕТ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮШ РОМАН



8
БЕТ

Берекет КӘРІБАЕВ,
тарихшы:

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА НЕГІЗ БОЛҒАН - ҰЛЫҚ ҰЛЫС

Қазақтың ұлт ретінде қалыптасып, мемлекеттілігінің бастауында тұрған тарихи тұлғаның бірі — Жошы хан. Өмірінде 60-қа жуық шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қалаларын бағындырған батыр әрі батыл қолбасшы. Тарихшылар оған ымырашыл, бейбітсүйгіш адам ретінде баға береді. Дешті Қыпшақ даласын билеген хандардың да өмір жолын оқып-ақ олардың арғы атасы Жошының қандай болғанын аңғарамыз. Биыл — Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл. Осы орайда ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Берекет Кәрібаевпен сұхбаттасқан едік.



6 >>


АДАМ КӨШІП БАРАДЫ, АУЫЛ АЗЫП



Бұрын қазақтың біршамасы ауылда тұратын. Қазір жағдай өзгерген. Қазақтың танымның қайнары саналатын ауыл халқы азайып келеді. Бүгінде ауылда халықтың жалпы санының 38%-ы ғана қалған. Ауыл — қазақтың тал бесігі, қазақтың қасиеттер мен құндылықтардың түп бастауы. Сондықтан ауыл қамқорлықтан, жанашырлықтан қағажу қалмауы керек. Бұл тұрғыда Үкімет не істеп жатыр?

4 >>

ЖАЛҒЫЗ ӨЗІ ЖАБЫРҚАП...



Petrelli Previtera ұйымының биылғы жаңартылған мәліметіне сәйкес, Қазақстан ажырасу көрсеткіші бойынша әлемде Мальдив аралдарынан кейінгі екінші орында тұр — мың адамға шаққанда 4,6. Былтыр елімізде мың некенің 333-і ажырасқан. Неке ұзақтығы бойынша ажырасудың көп үлесі (34,9%) 1-4 жыл некеде өмір сүрген отбасыларда, тағы 26,7% 5-9 жыл отасқандар арасында болған.

5 >>

